

Сабақты зерттеу-кәсіби дамудың жарқын жолы (LESSON STUDY зерттеу қорытындысы)

2023 жылдың желтоқсан айында Жалпы білім беретін Б.Алтынсарин атындағы орта мектебінде жоспарға сәйкес LESSON STUDY зерттеу сабақтары өткізілді. Зерттеуге бастауыш сыныптар бойынша 2 «Ә», 3 «Г», орта буын сыныптары бойынша 5 «Г», 8 «Ә»-сыныптар түсті. Мектеп психологы Есетова Құралай зерттеуге түсетін сыныпқа сауалнама жүргізіп, сауалнама қорытындысы бойынша аталған сыныптардың сынып жетекшілері, пән мұғалімдерімен бірлесе отыра сыныптың проблемасын анықталды.

- 2 «Ә» сыныбының зерттеу тақырыбы: 2 «Ә» сыныбында «Lesson Study» зерттеу сабағы өтті. Сынып жетекшісі Гилагова Арай Науанқызы. 3 кезең бойынша сабақтар жүргізілді. А,В,С тобындағы балалар таңдап алынды. Сынып ерекшелігіне сай, зерттеу сұрағы қойылды. Сабақтар бірге жоспарланып, әр сабақтан соң талдау жасалып отырды. «Lesson Study» сабақтарында: үлгерімі төмен оқушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға қолдау жасау, пәнге деген қызығушылығын арттыру және әріптестермен бірігіп: сабақ жоспарын құру, зерттеу сабағын талқылау, сабақтың жоспарын талқылау, зерттеу сабақтарын өткізу, оқыту үдерісіндегі тәжірибені жақсартуды және жетілдіруді зерттеу жұмыстары жүрді және айтарлықтай нәтижесін көруге мүмкіндік болды. Дегенмен, орын алған кемшіліктер де болды: сыныптан алынған А,В,С тобындағы балалар белсенділіктерінің бәсеңдеу болуы, ұстаздардың технология түрлерін сынып деңгейіне сай таңдап алмауы кездесті.

Нәтижесінде жалпы сыныптағы әртүрлі деңгейдегі оқушылар бойынша өзгерістерді анықталды.

С деңгейіндегі оқушы топпен бірлесе жұмыс жасады, сабаққа деген ынтасы ашылды. Жеңіл сұрақтарға жауап беріп, өздігінен жұмыс жасауға ынталанды.

В деңгейіндегі оқушы оқу процесінде берілген тапсырмаларды өз бетімен орындауға тырысты. Тапсырмаларды ұқыпты тез орындай алды. Үнемі жақсы нәтиже көрсетуге талпынды. Алған білімдерін қолданып, қосымша материалдармен жұмыс жасай алды.

А деңгейіндегі оқушы проблемалық сұрақтарды анықтап, жауап табуда ізденді. Сабаққа деген белсенділігі басым болды.

- 3 «Г» сыныбында зерттеу сабағы өтті. Сынып жетекшісі:Тилеубаева Назира. Проблемалық тақырып: **«Оқытудағы әдіс тәсілдер арқылы 3Г сынып оқушыларының әдебиеттік оқудан айтылым дағдыларын қалыптастыру».**

Оқушылардың айтылым дағдыларын қалыптастыру мақсатында тапсырмалар берілді. Жұптық, топтық , жеке жұмыстар жүрді. А,В,С деңгейіндегі оқушыларда өзгерістер байқалды.

А деңгейіндегі оқушы сабақтарға белсене қатысып тапсырманы орындап болып,топтағы оқушыларға көмектесті.

В деңгейіндегі оқушы жұмыс жасау барысында оқулықтағы мәтіндермен жұмыс жасап қатарындағы балдардан қалмауға тырысты.

С деңгейіндегі оқушы басқа оқушылардан көшіріп алуға тырысып отырды бірақ, ойын барысында топтағы оқушылардың қолдауымен қатысып отырды.

Бір-біріне кері байланыстар беріп ұсыныстар беріп отырды.

- 5 «Г» сыныбының зерттеу тақырыбы: «Диалогтік оқыту арқылы 5 «Г» сынып оқушыларының бірлесіп оқу дағдысын қалыптастыра аламын ба?». Бұл сыныпқа гуманитардық бағыттағы пәндер-тарих, орыс тілі, ағылшын тілінен зерттеу сабақтары өтті. Пән мұғалімдері Қажығалиев Нұргелді, Калмурзина Алтын, Ноханова Камилла зерттеу сабағын өткізді.

Зерттеу қорытындысында оқушыларға жұптық, топтық жұмыстың, сұрақ-жауап әдісі, жетелеуші сұрақтардың оқушылар үшін тиімділігі байқалды. Алдағы уақытта да оқушыға жеке бағытталған сұрақтарды көбірек қою, жеке тапсырмаларды беру ұсыныстары айтылды.

- 8 «Б» сыныбында анықталған проблема: «Жаңа әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыта аламын ба?» Әрі бұл сыныптың білім сапасы төмен

болғандықтан таңдап алынған болатын. Сыныпқа физика, биология, география пәндері бойынша сабақ өткізілді. Пән мұғалімдері Шалапиева Гүлназ, Саламатова Жазира, Мендешева Жаннұр зерттеу сабақтарын өткізді. 3 циклді сабақтарда мұғалімдер тиімді әдістерді қолданды.

Өткізілген LESSON STUDY зерттеу сабақтарының жалпы нәтижесі:

Сәтті болғаны:

1. Жоспарланған сабақтардың өткізілуі (бастауыш сынып бірлестігіне ерекше рахмет)
2. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмалардың түрлендіріліп берілуі

Сәтсіз тұсы:

1. Мұғалімдердің сабақтарын бірлесе жоспарламауы (Мұғалімдер ашық сабақ деп түсінеді, сабақ беруге жүрексінеді)

Ұсыныс:

1. Мұғалімдеріміз Лессон Стади туралы түсінік алу мақсатында онлайн курстан өтсе;
2. II жартыжылдық бойынша Лессон Стади сабақтары бірлестік бойынша қойылса; Жылдың соңында бірлестік жетекшілері есеп берген кезде бір пункт етіп алып ЛС туралы қорытынды айтып өтсе;

Мектеп модераторы:

А.Казимова